<p>Серуен</p>	<p>Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-ғу-ғу,</p>	<p>Бақылау: Бұлтты бақылау Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: будақ, қабатты бұлттарды ажырату. (Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық) Ойын: «Кімге қандай құрал керек?»</p>	<p>Ауа райын бақылау Табиғаттағы қысқы өзгерістер туралы балалардың білімдерін қалыптастыру. Ауа райы суытты. (Қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Учаскені қоқыстан тазарту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалмен ойнау»</p>	<p>Күнді бақылау Балалар назарын қысқы күн көзінің қалай шығатынына, қалай қыздыратынына аудару. Күннің қай уақытында күн көзі қатты қыздырады және неліктен? Күннің орны мен қыстағы күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту (күн жоғары көтерілмейді, күндер қысқарады). Табиғатқа деген байқағыштығын, білуге құштарлығын, сүйіспеншілігін дамыту. (Қоршаған ортамен</p>	<p>Бақылау: Қысқы табиғатты бақылау Мақсаты: Мезгілге байланысты табиғи құбылыстар мен таныстыру (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын: «Монданақ»</p>

	Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. (Көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек».			танысу) Еңбек: Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру.	
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау
Түскі ас	Ойын- жаттығу : Нан – тамақтың атасы Ынтымақ- көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің	Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар Сықырлы сөз: «Астарың дәмді болсын!»	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сықырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"	Ойын жаттығу: Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар Сықырлы сөз: «Астарың дәмді болсын!»	Ойын- жаттығу : Нан – тамақтың атасы Ынтымақ- көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің
Түскі ұйқы	«Күлше қыз» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату	Балаларға ұйықтауға жағымды жандай жасау	Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату	«Құйыршық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.к. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз (2- 4 рет) Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау.				
Бесін ас	Тағамды асықпай жеу керектігін үйрету.	Нанда қол жетпейтін аспан бар Ана бол, дана бол, бала бол Нанды баспаңдар! Сықырлы сөз: «Астарың дәмді болсын!»	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.	Ас мәзірімен таныстыру. Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Асың, асың асыңа Береке берсін басыңа Бөденедей жорғалап Қырғауылдай қорғалап Қыдыр келсін қасыңа!
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Біреуі артық» Мақсаты: «Біреу – көп»	Сюжетті-рөлді ойын: «Қуыршақтармен танысу» Мақсаты: қуыршақпен және	Сюжетті-рөлді ойын: «Серуендеудегі қуыршақтар»	Сюжетті-рөлдік ойыны «Аружан ауырып қалды» Мақсаты: балалардың	Дидактик-ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік

	ұғымын бекітеді; ойлау қабілеттерін дамытады, заттарды топтастыра білуге үйретеді.	құрылыс материалымен ойындарға қызығушылықты дамыту	Мақсаты: қуыршақпен және құрылыс материалымен ойындарға қызығушылықты дамытуды жалғастыру	қуыршақ ойынына рөлдік қатысуын әртараптандыру; балалар ойындарының сюжетін байытуға ықпал ету	қорын сөздермен байытады.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Сикырлы қаламдар» Балаларға қылқалам мен қарындашпен жұмыс істей білуге үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Исламбекпен пішіндерді қайталау	Жеке баламен жұмыс: Ерасылмен табиғатта өзін ұстау ережелерін қайталау	Жеке баламен жұмыс: Нұриямен құрдастарымен ересектерімен қарым қатынасқа түсуін қадағалау.	Жеке баламен жұмыс: Айзереге кейбір өсімдіктердің атауын қайталау.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: Біздің балабақшамыз», «Біздің топ»				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастырады және сақтайды.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балалардың ой-өрісін,зейінін дамытады, логикалық ойлау қабілет- терін арттырады, байқампаздыққа тәрбиелейді.	«Суреттер құрастыру» Мақсаты: Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру.	Дид.ойын: «Көңіл-күйін ата» Мақсаты: Көңіл-күйін атай, ажырата білуге үйрету. Қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Әр көңіл- күйінің дұрыс-бұрыс жақтарын айтып түсіндіру.	«Дүкен» Мақсаты: зейін мен байқампаздық қабілетін жетілдіреді. Заттың ұзындығы бойынша ажырату (жоғары-төмен, орташа, үлкен-кіші, қанша болса сонша, т.б.)	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бұлт пен күн» Батылдыққа, қауіптіліктен құтылу мақсатындағы жұмылу қабілетіне тәрбиелеу.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен әңгімелесу, балалар тәрбиесі, қызығушылығы туралы кеңес беру.	«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу	Кеңес: «Ерте жас балалардың сөйлеуі»	«Менің балабақшам, менің мақтанышым» тақырыбында ата-аналарға көрме ұйымдастыру

Білім беру ұйымы «Айсұлтан» жекеменшік балабақша Топ

«Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 13-17.11. 2023 жыл

Тексерген әдіскер: Амангалиева А.

Жазған: Суйеова Г.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: «Балаңыздың достары туралы білесізбе?» сауалнама жүргізу	Ата-аналармен жұмыс: Баламен бірге еңбектен	Ата-аналармен жұмыс: Ата анаға кеңес Балаңызға қайырымды да үлгілі бола біліңіз	Ата-аналармен жұмыс: «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу.
Балалардың дербес әреке ті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Д/ойын: «Өз үйінді тап» Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру.	Дид- ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстыру.	«Жаңғақтармен ойын» Мақсаты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері	Д/ойын: «Бұл не екенін тап». Мақсаты: Балаларды жануар дыбыстарын айтуға үйрету.	Дид ойын: «Қуыршақ Қонаққа дайындалуда» Мақсаты: Балаларды киімдерді ретімен киуге дағдыландыру

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			дамиды		
Танертеңгі жаттығу	<p>Алдын ала текшелер еденге жайылған. Қол ұстасып, шеңбер бойымен жұппен жүру (15 секунд). Заттар арасында жұппен жүру (15 секунд). Бірінен соң бірі шеңбер бойымен жүгіру (20 секунд). Нұсқау: «сигналды естігенде (ысқырық, дабыл қағу), еденнен екі текшені алыңыз». Қолында текшелермен шеңбер бойымен жүру (10 секунд).</p>				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзге Ойламаймыз білмейміз.	Ойын жаттығу: Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар	Ойын- жаттығу : Нан – тамақтың атасы Ынтымақ- көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің	Асың-асың-асыңа Береке берсін басыңа Алла бізді қолдасын Еш жамандық болмасын Аумин	Нан қоқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастандар
Ұйымдастыр ылған іс-әрекетке дайындық	Саусақ ойыны: «Санамақ» Ойын шарты: Балаға қарама- қарсы отырып, тәрбиеші көрсетіп отырады,	Саусақ жаттығуы» Добым, добым домалақ, Тоқтамайсың домалап. Үстел үстін бүлдірдің, Тәрелкені сындырдың, Тентек болып кеттің деп, Тұрмын сені тепкім кеп.	«Суреттер құрастыру» Мақсаты: Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету	Саусақ ойыны: «Моншақтармен ойын» Қызыл-сары көк моншақ, Мен жасаймын көп моншақ. Ойын шарты: балалар әртүрлі моншақтарды жіпке тізеді.	Саусақ жаттығуы: «Құстар қанат қағады» Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шик-шиқ-деп, ән салады.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастыры лған іс-әрекет	«Менің қара қозым» Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыру, олардың төлдерін ажырата білуге	Д/ойын: «Қуыршақты ұйықтату» Мақсаты: Балаларға «жату», «ұйықтау» етістігін айтуға, күнделікті сөйлеу барысында қолдануға үйрету. Өлеңді тыңдауға үйрету.	Д/ойын: «Балықты бақылау». Мақсаты: Балалардың тірі затты қарауына қуаныш туғызу. Балаларды жеке жұмыс жасауға, тәрбиешінің сөзін тыңдауға тәрбиелеу. Әдіс-тәсілдер:	«Лақтар қайда жасырынды?» Мақсаты: Ересектермен (дауысын тыңдау, қимылына елік- теу, одан көмек сұрау) және құрдастарымен	Үстел үсті ойыны: «Пальто түймелері» Мақсаты: Балалардың саусақтардың кішкентай бұлшықеттерін жаттық- тыру. Балаларды тәрбие- шінің нұсқауы бойынша

	<p>баулу.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: Робинд-роунд, көрсету</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мааа, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды) көрсетеді. «Қошақанды қоректендір?» арқылы қошақанның шөпбен көректе-нетіні туралы үйретеді</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар үй жануарларының төлдерін ажырата алады.</p> <p>Қортынды: Қой баласы қоңырым Қойдан жуас момыным</p>	<p>Әдіс-тәсілдер: Көрсету, әңгімелеу</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші қуыршақ Қалам - қасты балаларға көрсетеді. Балалар Қаламқасты таныйды, көргендеріне қуанады. Тәрбиеші төсекті қойып, балалардан «Бұл не? Қаламқасқа не қажеттілігі бар?» деп сұрайды. Тәрбиеші қуыршаққа төсекті қарап алуын, содан соң төсекке жатуын сұрайды. Балалар: «Қаламқас жат, жата ғой!» дейді. Қаламқас төсекке жатады. Балалар тәрбиешімен бірге қуыршақ қаламқасқа өлең айтады. Әлди, әлди қуыршақ Ұйықтауға келді міне шак, Қаламқасқа ән айтамыз бәріміз Ұйқысы болсын тәтті-ақ!</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар «жату», «ұйықтау» етістігін айта алады және күнделікті сөйлеу барысында қолдана алады.</p> <p>Қортынды: «Бесік жырын» жаттату</p>	<p>топтастыру, кесте</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға ойыншық немесе суретте бейнеленген балықты көрсетіп, оларға балықтың басын, аузын және құйрығын көрсетіп, атауды тапсырады. Балаларға суретте не көріп тұрсындар деген сұрақ қояды. Күтілетін нәтиже: Балалар тірі затты қарауына қуаныш туғыза алады және жеке жұмыс жасай алады, тәрбиешінің сөзін тыңдайды.</p> <p>Қортынды: Балықтың суретін бояу</p>	<p>(әрекетін бақылау.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: Ассоциация, топтастыру</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Басында таяғы бар Төрт аяғы бар (ешкі) -Балалар ешкі қалай дыбыстайды? -Ешкінің баласына не дейміз? (қоршаған орта)</p> <p>«Қара лақ» Мақсаты: Балаларға ермексазбен лақ пішінін жасауға үйрету, түсін, көлемін атау. (Мүсіндеу, сенсорика)</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар ешкінің дауысын тыңдап, қимылына еліктеп, одан көмек сұрай алады және құрдастарымен әрекетін бақылай алады.</p> <p>Қортынды: Ешкі туралы тақпақ жаттату</p>	<p>әрекеттерді дәл орындауға шақыру. Дәлдік пен зейінді тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: Кесте, ассоциация</p> <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға Айгерім қуыршақ пальто сының түймелерін қадай алмай отыр екен, ендеше біз оған көмектесейік Балалар түймелерді қадайды.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша әрекеттерді дәл орындай алады.</p> <p>Қортынды: Қуыршақпен еркін ойын</p>
--	--	--	---	--	--

	Шопан ата түлегі Қошаканым қайдасың				
2-таңғы ас	Ас мәзірімен таныстыру. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	<p>Бақылау: Күнді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.</p> <p>Қимылды ойын: «Үрпек төбет»</p> <p>Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу</p> <p>Еркін ойындар</p>	<p>Торғайларды бақылау</p> <p>Мақсаты: Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру.</p> <p>Еңбек: Қыстап қалған құстарға жем шашу</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны «Біз көңілді балалармыз»</p> <p>Балалардың қозғалыс белсенділігін, ойын тәртібін орындай білуін дамыту</p>	<p>Бақшаны бақылау</p> <p>Мақсаты: Балаларды қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру.</p> <p>Еңбек Еңбек тапсырмалары</p> <p>Өз өзіне қызмет ету; серуен соңында ойыншықтарды жинау</p> <p>Қимылды ойын «Ыстық-суық».</p> <p>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету</p> <p>Еркін ойындар</p>	<p>Жаңбырды бақылау</p> <p>Мақсаты: Балаларға жаңбырдың неден болатынын түсіндіру, жаңбырдың қандай түрлері болатыны туралы түсіндіру (жылы, суық)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны «Төпешіктен төпешікке»</p> <p>Еңбек Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау</p> <p>Еркін ойындар</p>	<p>Тұманды бақылау</p> <p>Мақсаты: Балаларға неліктен тұман болатындығын түсіндіру. Тұман қалай пайда болатынын, қашан болатынын, қан-дай пайда келтіретінін еске түсіру.</p> <p>Еңбек Участкедегі ірі тастарды жинау</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тышқан аулау»</p> <p>Еркін ойындар</p>
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау

	қадағалау				
Түскі ас	Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстау туралы, тамақтағы витаминдердің пайдасы жайлы түсіндіру.				
Күндізгі ұйқы	Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Балаларға ұйықтауға жағымды жаңдай жасау	Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату	Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	«Мақта қыз» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. (3-4 рет) Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут)	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Мысықтар оң жаққа қа-рап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу. Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тыр - наланып жатыр. Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.	Керуеттегі жаттығулар Балалар ұйқыдан оянады. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.	Ояну жаттығу. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) - «Күн оянады» - арқада жатып. Шынтаққа көтерілу, басты оңға – солға бұру. - «Күн оянады» - арқада жатып.	Балалар ұйқыдан оянады. Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық. Ояну жаттығу. Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы күн, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы күн, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	Мазмұнды- рөлді ойын: «Жиһаздар» Мақсаты: Жиһаз туралы білімдерін жетілдіру. Рөлге	Дидактикалық ойын: «Жаңбырдан жасырынамыз» Мақсаты: Балалардың заттарды формада топтастыру қабілетін	Дид/ойын: «Ненің құйрығы?» Ойын шарты: Қиылған суреттерден әр жануардың құйрығын тауып орнына қояды.	Саусақ жаттығуы Еріншектер: Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балаң үйрек сен де тұр, Орған терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр,	Үстел-үсті ойыны: «Кірпі» үстел үстінде балаларға жаңбыр жауып тұрғанын кірпінің жаңбыр астында қалғанын салып үйретеді

ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	бөліп ойнауға тәрбиелеу.	дамыту.		Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір.	
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Аминамен түстерді қайталау.	Жеке баламен жұмыс: Ерасылға бөрене астымен еңбектеп жүруді үйрету	Жеке баламен жұмыс: Дамирге ұқыпты жұмыс жасауды үйрету.	Жеке баламен жұмыс Айбарға көлік құралдарын атауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс Әділетке құрастыру материалдарының бөліктерін білуге үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну ретті- лігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Балалардың киіну ретті- лігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды киіміндегі олқылықтар-ды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түйме- лерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түйме- лерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киім дегі олқылықтарды жөндеу ді қадағалау. Киім шкафта рын таза ұстау және жинау	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау
Серуен	Бақылау күннің І-жартысымен салыстыру				
Серуеннен оралу	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Кешкі ас	Сиқырлы сөз: «Астарыңыз дәмді болсын!»	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз	Нанда қол жетпейтін аспан бар Ана бол, дана бол, бала	Дәулетінді тастырсын Сәулетінді астырсын Ақсақалың келгенде	Сиқырлы сөз: «Астарың дәмді болсын!»

	<p>Нан – тамақтың атасы Ынтымақ- көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсің</p>	<p>Астан басқа өзге Ойламаймыз білмейміз.</p>	<p>бол Нанды баспаңдар! Сиқырлы сөз: «Астарың дәмді болсын!»</p>	<p>Ақ дастархан жайылып Адал ас пен бас тұрсын Тіл мен көзден аман боп Түлеп ұшсын жас қыршын</p>	<p>Асың, асың асыңа Береке берсін басыңа Бөденедей жорғалап Қырғауылдай қорғалап Қыдыр келсін қасыңа!</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>«Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: Балаларды достыққа, ізгілікке, т.б. қасиеттерге тәрбиелеу Ойын шарты:Суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.</p>	<p>«Паравоз» Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. Мазмұны: Қатар - қатар тұрайық, Кәне, кәне, сұрайық. Кімнің болса бойы ұзын Паравозы пойыздың Кімнің, апай, бойы ұзын Паравозы ол пойыздың?!</p>	<p>«Ненің құйрығы?» Ойынның шарты: Қыйылған суреттерден әр жануардың құйрығын тауып орнына қою.</p>	<p>Саусақ жаттығуы «Бала, бала балақан» Бала, бала, балақан, (Саусақтарды ашып-жұму) Кәне қайсы алақан? (Алақанды көрсету) Саусақтарың әйбат, (Бас бармақпен әр саусақ ұшын алма-кезек түйістіру). Былай-былай ойнат. (Саусақтарды айналдыру.)</p>	<p>«Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп таппақ айтады. Ақ қоян - ау, ақ Орнынан тұрсаңшы Шашыңды тарасаңшы Бетінді жусаңшы Әй - әй көйлек кисеңші. Біреудің қолын үзеңші</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Баланың бүгінгі жетіс тігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды</p>	<p>Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.</p>	<p>Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.</p>	<p>Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту</p>	<p>Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету</p>

	түсіндіру.				
--	------------	--	--	--	--

Білім беру ұйымы «Айсұлтан» жекеменшік балабақша Топ

“Балапан” кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 20-24.11. 2023 жыл

Тексерген әдіскер: Амангелдиева А.

Жазған: Суйеова Г.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдай туралы әңгімелесу. дене қызуын өлшеу. Тәрбиешімен бірге ертеңгілік жаттығу жүргізу.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу; Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу				
Ойындар үстел-үсті, саусақ және т.б	Меркелік демалыс	Суреттерді қору «Менің балабақшам»	Ойыншықтарды рет-ретімен орындарына жинау	Үстел үстінде саусаққа арналған жаттығулар жасату.	Достарымен амандасуға, жылы сөздер айттыру. Көңілдерін көтеру.
Таңертеңгі жаттығу	<p>1. « Диірмен ».</p> <p>Б.к. Аяқты алшақ қойып қол төмен. 1 – 4 – алдыға, артқа қолды айналдыру. Басты түзу ұстау. 6 рет қайталау.</p> <p>2. Б.к. Аяқты қосып қол белде. 1 – қолды екі жақтан доға сияқты жоғары көтеріп қолды шапалақтау. Алдыға баспен иіліп аяқтың арасымен қолды шапалақтау. 8 рет қайталау.</p> <p>3. Бастапқы қалып қол белде 1 – 3 отырып тұру, арқа түзу. 10 рет.</p> <p>4. Б.к. төмен еңкейіп аяқты бүкпей тұрып тізеге қарау. 8 рет қайталау.</p> <p>5. « Футбол » Б.к. арқамен жатып тізені ішке қарай бүгіп оң, сол аяқпен кезек допты соғу. 8 – 10 рет істеген соң демалып қайта 8 рет қайталау.</p> <p>6. « Насос ».</p> <p>Б.к. Аяқтың арасы алшақ қол белде оңға солға иіліп « Ш – ш – ш » деп айту.</p> <p>7. Б.к. екі аяқ бірге, қол төмен. 10 рет скеіру орында, 90 0 – қа бұрылу. 4 рет, жүру. Жылдам жүру, жәй жүру.</p>				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу. Балаларды үстелге абайлап, асықпай обыруға үйрету, тамақтану кезінде - сөйлемге, аузын жауып, тамақты мұқият шайнау.				

<p>Ойын, ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>		<p>«Жұбын тап» Мақсаты: Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Дид.ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Саусақ жаттығуы Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.</p>	<p>Үстел үсті ойыны «Саңырауқұлақтар орнында» Мақсаты: балалармен негізгі түстерді бекіту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>		<p>«Сүт тағамдары» Мақсаты: сүт тағамдарын тілмен суреттей алуға үйрету. Әдіс-тәсілдер: Робин-раунд, микрофон Күтілетін нәтиже: Балалар сүт тағамдарын тілмен суреттей алады. Ойын барысы: «Құрт» мақсаты: құртты неден, қалай жасайтыны туралы білімдерін кеңейту, құрттың суретін салады, мүсіндейді. (мүсіндеу) «Үлкен және кіші» Мақсаты: сушкіді мысалға ала отырып, «үлкен және кіші» ұғымын түсіндіріп өту. (Сенсорика) Қортынды: Жасаған құрттарын үстел үстіне реттеп жинайды</p>	<p>«Тағамдар» туралы сурет арқылы әңгіме. Мақсаты: Тағамдар туралы түсініктерін кеңейту, тағамдардың түрлерін, аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету, (ы-і) дыбысын қайталату, дұрыс айтылуын жаттықтыру. Әдіс-тәсілдер: Топқа бөлу, ассоциация Күтілетін нәтиже: Балалар тағамдардың түрлері мен аттарын атай алады. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға тәтті тоқаштар туралы әңгімелеп, ермексаздан тоқаш жасауды ұсынады. Балалармен бірге тоқаш жасайды Қортынды: Тоқаштардың түрі мен көлемін салыстыру.</p>	<p>«Ән салған кім?» музыкалық-ырғақты ойын Мақсаты: Ән салған баланы даусынан тану қабілетін байқау, есту қабілетін дамыту. Әдіс-тәсілдер: Салыстыру, ассоциация Күтілетін нәтиже: Балалар ән салған баланың даусынан тани алады. Ойын барысы: Бір бала шымылдықтың артында тұрады, ал екінші бала ән орындайды. Шымылдықтың артындағы бала ән салған баланы даусынан танып, есімін атап беруі керек. Қортынды: Балаларды мадақтау</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Түрлі түсті моншақтар» Мақсаты: Балаларға заттарды түсі бойынша ауыстыруды үйрету, геометриялық пішінді атау. Негізгі түстерді бекіту. Әдіс-тәсілдер: топтастыру, салыстыру Күтілетін нәтиже: Балалар заттарды түсі бойынша ауыстыра алады. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға түрлі түсті моншақтар таратып береді және олардың түсі мен көлемі туралы әңгімелеп береді (үлкен, қызыл) Балалар моншақтарды түсі, көлемі бойынша бөліп жинайды (сенсорика, сөйлеуді дамыту, қоршаған орта)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</p>				
<p>Серуендеу</p>		<p>Бақылау : Бұлтты</p>	<p>Бақылау: Теректерді</p>	<p>Бақылау: Күнді бақылау.</p>	<p>Бақылау: Ауа райын</p>

		<p>бақылау Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын түсіндіреді. Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. Балалармен жеке жұмыс: «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау- бақша Құлпыра қалды тау жақта Қара бұлтты жел қуып Жөкеп берді аулаққа Қимылды ойындар: «Ақ қоян», «Күзгі тіршілік» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері</p>	<p>бақылау. Мақсаты: Балаларға күзгі табиғаттың өзгерістерін айта отырып теректердің түрлерімен таныстыру, пайдасын ұғындыру, олардың жапырақтарын бақылату, теректі аялап, баптауға баулу, адамның қамқорлығына зәру екенін түсіндіру. Еңбек: Теректерге су құюға көмектесу. Қимыл ойындар: «Әтешше айқас» Жеке жұмыс: «Ағаштар» тақпағын жаттату. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Еркін ойындар</p>	<p>Мақсаты: Күн-табиғат сыйы, және оның маңызы туралы білімдерін кеңейту, күннің жарық көзі екендігін, оның адам, табиғат, өсімдіктерге тигізер пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Қ/ойын: «Күн мен түн» Еңбек: Беседкадағы өз ойыншықтарын жинауға көмектесу. Жекежұмыс: Күн туралы жұмбақ жаттату. Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (күн) Еркін ойындар</p>	<p>бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістерге байланысты ауа райындағы өзгерістерді түсіндіреді. Еңбек: Ойын алаңындағы ұшып келген қағаз қалдықтарын теру. Мақсаты: тазалыққа баулыды. Қимылды ойын: «Ирек жолдар» Балалардың еркін ойындары.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафаға киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін				
Түскі ұйқы	Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шыннықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. «Қайық» - Төсекте ішпен жатып, қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау				
Ойындар, дербес әрекет		<p>Үстел-үсті ойыны: «Кірпі» үстел үстінде балаларға жаңбыр жауып тұрғанын кірпінің жаңбыр</p>	<p>Саусақ ойыны: «Достық» Қыздар менен ұлдар, Дос қой біздің топта. Ұсынса біреу қолын,</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Бөтенкеге бау байла» Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қанша жеміс бар?» Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге</p>

		астында қалғанын салып үйретеді	Ешқашан бас тартпа.	бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтырады.	үйрееді; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыруға дағдыландырады.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Жеке баламен жұмыс: Айару мен Аянаға сүттен жасалатын тағамдардың атауын үйрету өлеңін жаттату	Жеке баламен жұмыс: Расулға суреттегі заттарды атату:	Жеке баламен жұмыс Шұғылаға киімін ұқыпты жинауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс Дамир мен Айбарысқа заттарды топтастыруды үйрету
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлектің шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің киілуіне баса назар аудару керек				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау; Сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Мазмұнды- рөлді ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Шаштараз мамандығы туралы білімдерін жетілдіру. Рөлге бөліп ойнауға тәрбиелеу.	Дид.ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету. Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақшаларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру. Алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Қимылды ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын шарты: Тәрбиеші «күн» дегенде балалар секіреді, жүгіреді. «Түн» дегенде орындарында отырып ұйықтайды.	«Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шенбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян - ау, ақ Орныңнан тұрсаңшы Шашынды тарасаңшы Бетінді жусаңшы Әй - әй көйлек кесеңші. Біреудің қолын үзсеңші
Балалардың үйге қайтуы		Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

--	--	--	--	--	--

Білім беру ұйымы «Айсұлтан» жекеменшік балабақша Топ

“Балапан” кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 27.11.-01.12. 2023 жыл

Тексерген әдіскер: Амангелдиева А.

Жазған: Суйеова Г.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдай туралы әңгімелесу. дене қызуын өлшеу. Тәрбиешімен бірге ертеңгілік жаттығу жүргізу.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Қабылдау ережелері, демалыс күндерін өткізу дәстүрлері т.б. бойынша ата-аналармен пікірлесу;	Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу;	Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу;	Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу;	Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу
Ойындар үстел-үсті, саусақ және т.б	Үстел- үсті ойыны: «Пазл» Мақсаты: Бөлшектерден бір тұтас сурет құрастыру.	Ән айту: «Тату доспыз бәріміз» Мақсаты: Әнді жоғары, төмен дауыстармен айтуға үйрету	Саусақ ойыны: Оң қолымда бес саусақ Сол қолымда бес саусақ Қосып едім екеуін Болып шықты он саусақ	Тіл ұстарту жаттығуы: Қа-қа-қа-қарға Ыз-ыз-ыз-қоңыз	«Менің үйім» Фото сурет құрастыру. Фото суретте бейнеленген жиһаздардың атын атап орын-орынна орналстыру.
Таңертеңгі жаттығу	Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Ұйқы ашатын музыкалық-ырғақты қимылдарды орындау. Картотека №15				
Таңғы ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу Ас мәзірімен таныстыру. Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару				
Ойын, ұйымдастыр	Тіл ұстарту жаттығуы Ыс-ыс-ыс, келіп жетті қыс.	Тақпақ жаттау «Мысық» Мысығым-ау, мысығым,	Саусақ ойындары Тук-ток, тук-ток жұдырық	Тіл ұстарту жаттығуы Пан – пан – пан,	Үстел үсті ойыны «Мозайка» Мақсаты:

<p>ылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Ар-ар-ар, жауады қар. Яз-яз-яз,сақылдаған сары аяз. Ран-ран-ран, Соғадыборан. На – на – на, Зулайдышана.</p>	<p>Көзі сығыр мысығым. Мысығымнан айналдым, Пырылдаған пұшығым, Мысығым-ау, мысығым.</p>	<p>балға сияқты соғады, Тук-ток, тук-ток екі қолмен ұрамыз, Тук-ток, тук-ток тақамен де соғамыз, Тук-ток, тук-ток тақалармен тарсылдатып, Тук-ток, тук-ток екі қолмен, екі аяқ.</p>	<p>Сап – сары балапан. Ұс – ұс – ұс, Ұшты үлкен құс. Ғай – ғай – ғай, Жем шоқиды торғай.</p>	<p>балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу</p>
<p>Ұйымдастыр ылған іс-әрекет</p>	<p>«Айсұлу қуыршаққа арналған бауырсақ»Мақсаты:Бал алардың сөздік қорларын дамыту. Әдіс-тәсілдер: Әнгімелеу, көрсету Күтілетін нәтиже: Балалар бауырсақ туралы әнгімелеп бере алады. Д/ойын: «Тағамдарды орналастыру» (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Қуыршаққа арнап бауырсақ жасау (мүсіндеу) «Қызыл, сары шарлар» ұғымдарын қалыптастыру; шарларды түстері бойынша топтауды, заттың көлемін ажыратуды үйрету; кеңістік түсініктерін дамыту;(сенсорика) Қуыршақтуралыәнайту. (Музыка)</p>	<p>«Бөдененің құйрығы неге қысқа?» ертегісі Мақсаты:Балаларды ертегіні кітапқа қарап суреттей алуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Әдіс-тәсілдер: Ассосация, кесте Күтілетін нәтиже: Балалар ертегіні кітапқа қарап суреттей алады. «Бөдене» Мақсаты: бөденені қалай жасайтыны туралы білімдерін кеңейту, бөденені мүсіндеу. (мүсіндеу) «Бөденеге арналған ұялар» Мақсаты: Өлшемі бойынша заттарды ажырата білуге үйрету. Суретке қарап ұяларды салыстыру, бөденелерді орналастыру. (Сенсорика) «Құстарды тамақтандырайық» Мақсаты: ойыншықтарын алмастыру, өзара келісім бойынша оларды тартып алмай, сұрап алу) өзара әрекет етуге</p>	<p>Үй жануарларының таласы» ертегі Мақсаты:Балалардыхалық шығармаларының, тақпақтар мен әндердің ырғақтығы мен әуезділігін эмоциялы қабылдауға баулу. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Әдіс-тәсілдер: кесте, салыстыру Күтілетін нәтиже: Балалар тақпақтар мен әндердің ырғақтығы мен әуезділігін эмоциялы қабылдай алады. «Жылқыға арналған таға» Мақсаты: Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білугеүйрету(мүсіндеу) «Әр түрлі құлындар» Мақсаты:құлындардың түрі мен көлемін салыстыру. (сенсорика)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Пайдалы және зиян тағамдар» Мақсаты: Дәрумендердің пайдасы жөнінде түсінік беру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Әдіс-тәсілдер: Ассосация, топтастыру Күтілетін нәтиже: Балалар дәрумендердің пайдасы және зияны туралы түсінік бере алады. «Шалқан» ертегісін балаларға оқып беру. Жыл мезгілі туралы әнгімелесу (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) «Шалқан» Мақсаты: Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету</p>	<p>«Алғашқы қар» Мақсаты: Қар туралы түсінік беру. Қардың күйімен таныстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Әдіс-тәсілдер: Салыстыру, кесте Күтілетін нәтиже: Балалар қар туралы түсіндіріп бере алады. «Ақ ұлпа қар» Мақсаты: Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге үйрету (Мүсіндеу) Көркем сөз«Қар» Мақсаты: мәтінге сәйкес таныс әуендерді орындай білуге баулу. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) «Қар түскен ағаштар» Мақсаты: Балаларды өлшемі бойынша заттарды ажырата білуге үйрету. (Сенсорика)</p>

		баулу. (Қоршаған ортамен таныстыру)		(Мүсіндеу) «Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. (Сенсорика)	
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуендеу	Бақылау: Ауа-райын бақылау Мақсаты: Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру. Қыс табиғатының әсемдігі не, сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру Еңбек: демалыс орнын тазарту Қимылды ойын. «Кегліні құлат» Өз бетінше іс-әрекеті Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру	Бақылау: Бүгінгі ауа-райын бақылау. Айналадағы адамның қысқы еңбегі. Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіреді, еңбекке ынтасын тудырады. Қимылды ойын: «Ақ қоян». Еңбек: Ауланы қоқыстардан тазалау.	Бақылау: Шыршаны бақылау. Мақсаты: Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіреді. Тікен-тікен тік пісте Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Қимылды ойын: «Қуып жет». Еңбек : Ауладағы шырша түптеріне қар үю. Балалардың еркін ойындары.	Бақылау: Аязды күнді бақылау. Мақсаты: Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіреді. Жұқпалы аурулардың микробтарын өлтіруге аяздың қосар үлесі зор екендігін үйретеді. Қимылды ойын: «Қар лақтыру». Еңбек: Ауладағы тастарды жинау. Жеке жұмыс: Аяз туралы	Бақылау: Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстырады, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат береді, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер» деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауға үйретеді. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Еңбек: Құстарға жем шашу.
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын!				
Түскі ұйқы	Ертегі оқып беріп балаларды ұйықтату				
Біртіндеп ұйқыдан	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу.				

ояту, шынықтыру шаралары	«Кемпіркосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу				
Бесін ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру.	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.	Ас мәзірімен таныстыру. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру.	Ас мәзірімен таныстыру. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау
Ойындар, дербес әрекет	С/рөлді ойын: «Киім дүкені» Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.	«Бұл қандай құс?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. Көрнекіліктер: құстардың суреттері.	«Саусақжаттығуы» Добым, добымдомалақ, Тоқтамайсындомалап. Үстелүстінбүлдірдің, Тәселкенісындырдың, Тентекболыпкеттіндеп, Тұрмынсенітепкімкеп.	«Қимылды қайтала» жаттығуы Мақсаты : қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.	Кірпі» жаттығуы Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма!
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Баламен жеке жұмыс: Сурет бойынша әңгіме. Мақсаты: Балаларды сурет бойынша шағын әңгіме құрастыруға дағдыландыру.	Баламен жеке жұмыс: Ән айту «Туған жер» Мақсаты: Балалардың әнге деген қызығушылығын арттыру.	Баламен жеке жұмыс: Аружанға киімін реттеп жинауға көмектесу.	Жеке баламен жұмыс Қуанышбекке көлік құралдарын атауға үйрету	Баламен жеке жұмыс: Сурет бояу. Мақсаты: Балалардың қолдарын қаламды, қылқаламды дұрыс ұстауға жаттықтыру.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Балабақша ауласына серуен, балалармен әңгімелесу -Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? - Ауа- райы суытады, қар жауады.				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті)	Дидактикалық ойын «Ауа-райы»сөзіне анықтаманы ірікте» (Қарлы, аязды, суық,күн шуақты, желді және т.б.)	Жұмбақ шешу Ұстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тонады (қар)	Жаңылтпаш айту Қыста боран борар, қар борар, Қыздар шәлі орамал оранар.	Фонетикалық ойын «Кім солай сөйлейді?» жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарын еліктеуге үйрету.	Дидактикалық ойын «Қар қиыршықтарын қарастыр» Мақсаты: бөлшек суреттерден бір тұтас сурет құрастыруға дағдыландыру
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетіс тігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

ЦИКЛОГРАММА

Білім беру ұйымы «Айсұлтан» жекеменшік балабақша Топ

“Балапан” кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 04.12.-08.12. 2023 жыл

Тексерген әдіскер:Аманғалиева А.

Жазған: Сүйеуова Г.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы:отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ата – аналармен әңгімелесу	Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс: «Балаңыздың достары туралы білесізбе?» сауалнама жүргізу	Ата-аналармен жұмыс: Баламен бірге еңбектен	Ата-аналармен жұмыс: Ата анаға кеңес Балаңызға қайырымды да үлгілі бола біліңіз	Ата-аналармен жұмыс: «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу.
Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б.)	Үстел- үсті ойыны: Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету «Ойық ішіндегі заттарды	Дидактик ойын: «Не қайда тұрады?» Мақсаты: заттардың аттарын атау, өз бетінше тапсырманы	Дидактикалық ойын. «Қай ойыншық тығулы тұр?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау	Саусақ ойыны: Құстар қанат қағады Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып,	Қ.қ.о. «аю» Мақсаты: Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүгіру.

	орналастыру»	орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту	қабілеттерін дамыту.	Шиқ-шиқ-деп, ән салады.	Балаларды шапшаңдыққа үйрету.
Таңертеңгі гимнастика	Картотека №-4 Жүру: Бірінің артынан бірі жүру. 2-3 рет				
Таңғы ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіреді, тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйретеді. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалайды.				
Ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық	Балабақшадағы ойыншықтармен ойнату, балалардың бір-бірімен ауызша қарым - қатынас жасауына ықпал ету	«Жұбын тап» Мақсаты: Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жеміс-көкөніске байланысты текшелер.	Қ.қ.о. Мақсаты: «Марғаулар мен күшіктер» Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке үйрету.	Әнгімелесу: «Біз тұратын ауыл. Мақсаты: Балаларға өз тұратын ауылы, көшесі туралы мағлұмат беру.	Дидактик-ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын сөздермен байыту.
Ұйымдастырылған іс-әрекет	«Ойна да үйрен» Мақсаты: Балалардың түстер, туралы білімдерін жетілдіреді, баланың тілін, ойын, танымдық қабілетін дамытады. Күтілетін нәтиже: Балалар заттарды түсіне, пішініне сәйкес тауып атап бере алады. «Пойыз» ойыны Балаларға үлкен себеттегі доптарды көрсету. Доптарды балалардың өздеріне алғызып, бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу. «Менөзім туралы не білемін?» Мақсаты: Балаларға адамның дене мүшелерін атауға үйрету (басы,	«Суреттер құрастыру» «Менің моншақтарым» Мақсаты: Дөңгелек сызықтар жүргізу арқылы моншақ суретін салуға үйрету, ой-өрісін дамытады, балалардың қызығушылығын арттырады. Күтілетін нәтиже: Балалар дөңгелек сызықтар арқылы моншақ суретін салуды үйренді. Дидактикалық ойын: «Ойлан тап» Мақсаты: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.	Сиқырлы саусақтар: «Күн нұрын шашты» Мақсаты: Балаларға дәстүрлі емес сурет салуды үйрету. Балаларға күннің шуақтарын саусақпен салудың әдісін көрсету. Бояу түстерін дұрыс таңдауға дағдыландыру. Бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Дидактикалық ойын: «Ұшады ұшпайды» Мақсаты: Есте сақтау, шапшаң болуға тәрбиелеу.	Үстел үсті ойыны «Түрлі-түсті пирамидалар» Мақсаты: Балаларды бөлшектерді құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Балалар пирамидаларды көлеміне қарай құрастыра білді. Дидактикалық ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Балаларды ойын арқылы жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Ойын шарты: Балалар алаңының немесе бөлменің бір жағын жағалай отырады. «Қыдырып қайтайық» - дейді тәрбиеші. Балалар алаңда (бөлмеде) тобымен немесе жеке-жеке,	Дид.ойын: «Тазалықтың достарын ата» Мақсаты: Балаларға тазалық бұйымдарын атауға үйретеді. Сүлгі, сабын сөздерін үйретеді. Балаларды таза жүруге ынталандырады. Күтілетін нәтиже: Балалар тазалық бұйымдарын атап бере алады. Әдіс-тәсілдер: топтастыру, салыстыру, ассоциация, миға шабуыл. Ойын барысы: Педогог балаларға жұмбақ жасырады. Жуынып болғанда Жүреді қолдарда (орамал) Жылпылдап қолда

	қолы, аяғы, мұрны, көзі және т.б.) Ойын жаттығуы: «Меннен кейін қайтала!»			кім қайда барғысы келсе, сонда аралап кетеді. Тәрбиешінің «үйге қайтындар», - деген сигналы бойынша өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойын үш-төрт рет қайталанады.	тұрмайды, Ақ көбік боп зырлайды. Кір қоқысқа жаны қас, Түк қалдырмай қырнайды. (сабын) Педогог балаларға оң жағында тұрған сабынды маған әкел, сол жағындағы тіс пастасын алып кел, алдында тұрған тіс щеткасын әкел, артында тұрған сүлгіні әкел деген тапсырмалар береді. Балалар «бұл заттарды қалай пайдаланасың?» деген сұраққа байланыстырып жауап береді.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
